

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Жанрды анықтаудың
постструктуралистік тәсілі





Мақсаты: постструктуралистердің жанр туралы зерттеулері және Шекспирдің «Отелло» пьесасының жанрлық табиғатына постструктуралисттік талдауларымен таныстыру.

Тірек сөздер: постструктурализм, талдау, жанр, трагедия, дискурс.

Кезекті дәрісімізде «Әдебиет теориясы» антологиясына енген Ф. Элизабет Харттың «Кәміл әдебиет: жанрдың когнитивті-постструктуралисттік тәсілі» атты танымал эссесін әңгіме етеміз. Бұл тақырыпқа екі дәріс арналатын болады: бірінші дәрісте когнитивті әдебиет теориясы мен жанрдың постструктуралисттік теориясы, сондай-ақ осы теорияның әдеби мәтіндерді, әсіресе жанрлық табиғаты айқындалмаған мәтіндерді талдауда қолданылуы туралы сөз ететін боламыз.

Элизабет Харт Шекспирдің «Отелло» пьесасының жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасауды ұсынады. Харт бұл – жанрлық теорияның барлық спектрі жағынан категоризациялауға қарсы тұра білген туынды деп бағалайды. Көпшілік зерттеушілер «Отеллоны» трагедия емес деп дәлелдеуге дейін тырысқан.

Жанрды анықтаудың формалисттік тәсілінің сынға ұшырауы

Жанр – әдебиеттің басқа да формалды аспектілері секілді, – деп жазады Элизабет Харт, – соңғы үш онжылдықтағы постмодернизмнің дамуы барысында терең талдауларға түсіп отырған. Әдеби жүйені түрлері мен жанрларына қарай, яғни поэзия, проза, драма; лирика, роман, трагедия жіктеу – бүгінде әлдеқашан айқындалған мәселе.

Постмодернизмде жанрдың постструктуралисттік сыны дәстүрлі жанрлық теорияны – сипаттамалы, тіпті алдын ала жоспарланған, қабілетсіз деп бағалайды. Оған мысалдар әдеби терминдердің әрқилы анықтамаларында кездестіруге болады. Анықтамаларда жанрға формалисттік анықтама беруде оның типіне немесе түріне ерекше назар аударылады. Осы пікірталаста Элизабет Харт дәстүрлі немесе формалисттік сын, әсіресе қазіргі заманғы және постструктуралисттік теория арасындағы айырмашылықты ажыратуға талпынады.

Постструктурализмнің текстологияға қосқан үлесін ескере отырып, постструктуралисттік сыншылар жанрдың формалисттік тарихынан қашуын дұрыс деп есептейді. Олардың формалисттік тәсілдерді сынауы бірнеше пунктіге бөлінеді: біріншіден, кез келген жанрдың мәні немесе тұрақты үйлесімділігі туралы тұжырымдарға қарсылық білдіре отырып, постструктуралистер дәстүрлі теорияның классикалық тәсілдерінен де бас тартады. Екіншіден, таксономиялық белгілерін ескермей, көптеген мәтіндерде бір ғана емес, бірнеше жанр болатынын айтады. Таксономия – ұстаным ретінде аяқталушылыққа негізделеді, сондықтан таксономиялық эссенциализм жанрдың дамуы мен трансформациясын түсіндіріп бере алмайды.

Жанр мәселесімен айналысқан барлық постструктуралисттік сыншылар жанрдың «деэссенциализациясын» дискурс терминдеріне аудару керектігін айтады. Бұл қадам прогрессивті болып саналды, себебі әдеби типтерді қайта қалпына келтіруді шектемей, оның орнына дискурсты қалыптастыру үдерісін басшылыққа алуды ұсынады. Бұл мәтін мен мәдениет арасындағы диалектикалық алмасуды көрсетіп, мәтіндер ішіндегі шаблондар неге үздіксіз өзгеріп отыратыны, мәтіндер басқа мәтіндермен не себепті қиылысатыны туралы мәселелерді шешуге септігін тигізеді. Ең маңызды жайттардың бірі – жанрдың дискурс терминдерінде қалыптасуы мен диалектикалық алмасуы жанрды идеологиямен байланыстыруға мүмкіндік береді. Сөйтіп жанр әдеби сыншыға әдеби мәтіндерді мәдениетпен байланыстыруға көмек беретін қызметін сақтап қалды. Енді оның бұл міндеті формалисттік немесе идеологиялық емес, материалистік негіздерге сүйеніп, орындалатын болды.

Диалектологиялық алмасу мен идеологияның постструктуралисттік тәсілі – қажет әрі пайдалы болған тұста, – деп жазады Элизабет Харт, – жанрдың дискурс терминдерінде туындауы белгілі бір деңгейде шектеулерге тап болды. Харт эссесінің бір мақсаты – жанрдың постструктуралисттік теориясын когнитивті әдеби теория және тіл мен ақылдың өніміне бейімделуі тұрғысынан анықтау болып табылды.



«Кәміл ақыл»

Бірнеше уақыттар бойы әдебиетшілер өз зерттеулерінде когнитивті ғылымның жетістіктерін, әсіресе адам миы мен ақылының «кәмілдігі» үлгісін ескеріп келді. «Кәміл ақыл» дегеніміз – ақылдың биологиялық мидың аспектісі ретінде қаралуы, себебі ақыл – мидың адамның тәнімен, демек оның физикалық, әлеуметтік және мәдени ортасымен интерактивтілігі болып саналады», – дейді Харт.

Әдеби сыншылар енді әдеби және когнитивті-ғылыми проблематиканы жақындастыруды, адам тәнін – әлеуметтік құрылымның негізгі орны ретінде зерттеуді басшылыққа ала бастады. Олардың зерттеулері эпистемологиядағы физикалық, әлеуметтік және мәдени индекстеу тәсілдерін қолдануға бағытталған. Бұл сыншылар когнитивті ғылымның нәтижелерін әдебиеттің поэтика, нарративті зерттеулер, риторика және композиция секілді салаларына ендіре бастады.

Когнитивті әдеби теория практиктерінің кейбіреулері постструктурализмнің негізіндегі материалистік тәсілді ұстанып, әдеби формализм әдіснамасын қолданбауға тырысты. Бұл көзқарас жанрға деген постструктуралистік тұжырымдар аясында кең таралып келді. Бұл Эллен Спольскидің кездейсоқ когнитивті талдауларына нысан болған (2). Еңбектерінде жанрдың әртүрлі аспектілерін сөз ете келе, Спольски постструктуралистік көзқарастарын бекітіп, әдеби жанрдың нормативті белгісінің бірі – динамикалық үдерісі, яғни үздіксіз өзгеріп отыратын қасиет деп атайды. Сонымен қатар, ғалым әдебиеттің тарихи дамуы барысында жаңа жанрлар туындап отырғанын, оларды атау үшін типологиялық қасиеттерін анықтау керектігін айтады (3).

Шектеулі эпистемологиялық сипатты ұстанған постструктуралистерге қарағанда, Спольски жанрды кең мағынасында түсініп, оның эпистемологиялық және онтологиялық үлгілері туралы сөз етеді. Ол когнитивті теорияның көмегімен қалыптасқан онтологияның материалистік нұсқасын басшылыққа алады. «Онтологиялық эпистемологияны» Спольски былайша түсіндіреді: адам миы мен ақылының материалды сипаттамаларының белгілі бір шарттары болады, соның негізінде адамдар қоршаған ортаны қабылдап, қорытынды жасай алады. Спольски адам миы/ақылының материалды құндылығының кейбір аспектілері когнитивті өңдеуді қажет ететінін айтады. Бұл белгілі бір дәрежеде адам баласының эволюциялық дамуының нәтижесі болып табылады. Спольски: «Деконструкция мен постструктурализмнен басқа ешқандай бағыттар бейімделген қасиетке ие емес, себебі бұл екеуі де құрылымдауды – қоршаған нақты ортаның ішінде өрбитін іс-әрекет деп біледі. Аталған әрекет мәдени мақсатта қолданылады», – деп жазады.

«Адамзат және оның таным тәсілдері өзгермелі қоршаған ортамен өзара байланысы барысында ұдайы дамып отырады... Сондықтан олардың өзгермелі болуы заңды, – деп жазады ол, – ... Алайда осы тұрақсыздық олардың өзара икемділігіне мүмкіндік тудырады. Адамдар, олардың таным тәсілдері мен тілдері өзгеріп отыратын ортаға бейімделе алады».

Әдеби жанрлар – жүйелілік симптомдары болып саналады. Бұл симптомдар әрі постструктурализмге негіз болады. Жанрлар – сөздің мағыналар немесе биологиялық түрлер секілді – категориялар болып саналады. Олар әдетте, тұрақты, икемді, сезімтал болып келеді.

Жанрдың кейбір теоретиктері оны әртүрлі категориялы терминдермен сипаттаған, ал Спольски семантикалық категорияны менталды деп түсіну қажеттілігін атайды.

Спольскидің талдаулары когнитивті құрылым идеясын қарастырады. Түрлердің өзгеруі рекатегоризацияның биологиялық мысалы болып саналады. Демек, мәдени эволюция биологиялық эволюцияға қарағанда, жылдам өрбиді.

Спольски дескриптор (сипаттамалы бірлік) ретінде ендірген рекатегоризация ұғымы, сонымен қатар, ғалымның жанрлар үздіксіз өзгеріп, бейімделіп отыратыны, ал мәтіндер құрылымды көбейтетіні – әдеби жанр не екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Спольскидің рекатегоризациясы Элизабет Харт үшін негіздеме болып табылды. Соның аясында ол жанрдың постструктуралистік теориясының мүмкіндіктерін сипаттап, мысал ретінде Шекспирдің «Отелло» пьесасының жанрлық ерекшеліктерін қарастырды. Элизабет Харт Спольскидің талдауына қосымша «дискурс», «субъективтілік» ұғымдарының мағынасына терең әрі жаңаша өлшемдер жасады. Харт постструктуралистік және когнитивті-постструктуралистік тәсілдердің сыни мақсаттарының арасындағы ұқсастықты сипаттау үшін



жоғарыдағы өлшемдерді жасаған. Ғалым ұсынған дәлелдемелер Спольскидің рекатегоризация (реклассификация) туралы идеяларын қайталады. Атап айтсақ:

- Жанрдың классификациялық белгілерінің дамуы дегеніміз – жаңаны бұрыннан таныс белгілеріне қарай түсіну;
- «Категоризация туралы тұжырымдар» әрдайым шарттылық сипатта, сондықтан тұжырымдарды қарастыру – оған анықтама берудің бір себебі болып саналады.

Жанрдың тұрақты «шарттылығы», Элизабет Хартқа жанрға эссенциалистiк емес көзқарастарды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Жанр – қаншалықты тұрақты болғанына қарамастан, ол оқырмандардың тұрақты материалды тәжірибесін, эволюциялық және эмпирикалық ойлауын тікелей реттеп отыра алады. Спольскидің сөзіне сүйенсек, «жанрлардың классификациясы – оқырманның мәтін және оның басқа дискурстармен қарым-қатынасы туралы қорытындысын қалыптастыру тәсілі болып саналады. Сондықтан жанрлық категориялар – оқырманның түсінігінде икемді болып, инновацияларға дереккөз болып саналады».

Постструктуралистiк тәсiл

Постструктурализм әдеби шаблондардың себептері мен қызметтерін түсінуге талпыныс жасайды. Жанр теоретиктерін ойландырған мәселе – жанрдың рөлі, оның анықтамасы туралы мәселе. Неоплатондық және неоаристотельдік пікірталастар бір-біріне қарама-қайшы екі тәсілді қалыптастырды. Олар жанрды абстрактілі, трансцендентті категориялар ретінде қарайды.

Бір-біріне қарама-қайшы бұл перспективалар дедуктивті және индуктивті әдіснамаларды білдіреді, соған сәйкес тарихты қалыптасқан және біртекті тәжірибелерге жіктеп, сол заманның танымал теоретиктері Нортроп Фрай және Алистер Фаулердің еңбектеріне шолу жасайды. Постструктурализм екі тәсілді де қолданады, олардың әрбірі жанрды затқа айналдырып, абстрактілі, трансцендентті категориялар ретінде қарастыруға тырысады.

Екі дәстүр бойынша жанрды анықтаудың бұл үрдісі – жанрдың екі ерекшеліктерін түсіндіруге жол ашады. Бұл жанрдың үздіксіз өзгеріп отыратынын, белгілі бір неоплатондық категорияларға тән мәтіндердің белгілерін жартылай сақтап қалатынын дәлелдейді. Көптеген мәтіндер біркелкі болып келмейді, сондықтан оларда бірнеше жанрларды табуға болады.

Постструктурализм эссенциализмге дәстүрлі теориялар тұрғысынан анықтама берген. Жанр – зат емес, үдеріс, оның ішінде қарым-қатынас үдерісі. Жанр мәтіндерде емес, мәтіндерді ассимиляциялауға негіз болатын негізгі категорияларда өмір сүреді. Жанрлық-коммуникативті үлгілердің мысалдары ретінде Михаил Бахтиннің жанрды – әлеуметтік поэтика шеңберіндегі диалектикалық әлеуметтану ретінде түсіндіруі (4) және Джонатан Куллердің «лингвистикалық құзыреттілік» пен «әдеби құзыреттілік» (5) арасындағы құрылымдық аналогиясын атауға болады. Фредерик Джеймсон жанр дегеніміз – трансцендентті категорияларға, мәтіндерге, абстрактылы кодтық жүйелерге қатысты қолданылатын термин емес, мәтінді сыни қабылдауға қатысты термин. «Жанрлар – әдеби жүйелер, – деп жазады Джеймсон, – жазушы мен белгілі бір аудитория арасындағы әлеуметтік келісімдер. Олардың міндеттері – белгілі бір мәдени артефактілерді дұрыс қолдану» (6). Жак Деррида жанр дегеніміз – автор немесе сыншының этикалық және саяси мақсаттарға ықпал ете алатын риторикалық стратегияны таңдауы деп түсіндіреді (7). Джеймсон мен Деррида жанрды риторикалық және тарихи нақты жағдайларда көзге көрінетін мәтін деп сипаттайды.

Дискурс – мәтіннің мазмұны мен тақырыбы арасындағы диалектика. Неоплатондық категориялар жанрдың негізгі нысаны болып саналмайды, бірақ оған анықтама беруге қажетті құрал болып табылады. Дәл осылайша интерпретация қалыптасады. Интерпретация – оқырман мен жазушының, сол сияқты мәтін мен мәтіндік категорияның арасындағы қатынастар. Жанрды зерттеушінің міндеті – заттар арасындағы қарым-қатынасты сипаттау болып саналады.

Эссенциализм үлгісінен (субстанциалдылық; тұрақты белгілердің жиынтығы) үдеріс үлгісіне қарай өту – постструктурализм жүзеге асатын басты өзгерістердің бірі. Бұл өтуді тарих пен идеологияның басты рөлінен кішігірім ғана қадам жасау ретінде суреттеуге болады.



Д. Мэдсен: «Жанр – жаңа мәтіндердің арқасында үздіксіз өзгерістерге түсіп отырады, жаңа мәтіндерді жаңадан оқыған сайын – жанрлар әрдайым қайта айқындалып отырады», – деп жазады (8). Д. Мэдсеннің анықтамасына қарасақ, дискурстың рөліне постструктуралистік тұрғыдан қарау – интертекстуалдылық пен оның салдарларын мойындау болып саналады. Оның нәтижесі – әдеби жүйенің абстрактылы және материалды компоненттерінің арасындағы айырмашылықтың жойылуы.

Шекспирдің «Отелло» пьесасына постструктуралистік талдау жасау арқылы зерттеуші өзінің жанр табиғатына қатысты тұжырымдарын дәлелдеуге тырысады. Элизабет Харт постструктурализмнің үлгісі – оның канондық мәтіндерінен көрінеді. Соның бірі – Шекспирдің «Отелло» пьесасы. Ғалым «Отеллоны» бірнеше қырынан сынайды. Әдебиеттанушылар әдеби жанрдың бірнеше түріне анықтама береді: «трагедия», «комедия», «сатира», «роман». Прагматикалық себептерге қарай Элизабет Харт осы шаблондық терминдерді «Отелло» пьесасының қабылдау тарихын сипаттау үшін қолданған. Бұл пікірталас ғалымдар ұсынған анықтамалардың тұрақсыздығын одан сайын айқындай түсетініне үміттенеді.

Бастапқы нұсқаларында Шекспирдің «Отелло» пьесасы «Лир патша», «Макбет» туындылары секілді трагедия жанрына жатқызылған. Бірақ кейбір ғалымдар «Отеллоның» трагедияға тән кейбір белгілерге сай келмейтінін жазады. XVII ғасырда сыншы Томас Раймер пьесаның басты кейіпкерінің патшалық мәртебесіне сын тақпайды, алайда ондағы қызғаншақтық пен опасыздық тақырыптары трагедия жанрына тән еместігін айтады. Басқа зерттеушілер пьеса кейіпкердің бойындағы «абыройсыздықты» кейіпкердің ішкі трагедиясы деп суреттеп, пьеса авторын ақтап алады. Отелло Дездемонаны өлтіргеннен кейін, оқырмандардың оған деген құрметі төмендеп, аяушылығы азаяды. Бұл XX ғасырдағы белсенді пікірсайыстарға негіз болды. Соның салдарынан, көптеген зерттеушілер «Отеллоны» трагедия ретінде қарамай, басқа жанрларға жатқызуына түрткі болды. Сондай дәлелдердің бірін Майкл Бристол өзінің «Отеллодағы» шарвивари және қорлану комедиясы» атты эссесінде бұл пьесаны Қайта өркендеу дәуіріндегі есірген жазалаушы ғұрып контекстінде қарауды ұсынады. Дәл осындай тұжырымды Памела Браун «Отелло және Италифобия» атты (12) эссесінде ұсынып, пьесаны анти-итальяндық, әсіресе анти-венециандық кек-сатира ретінде анықтайды. Егер біз мәтіндер мен абстрактылы неоплатондық категориялды белгілер арасында ұқсастықты анықтағымыз келсе, – деп жазады Элизабет Харт, – не мәтін, не категория өзгертілуі керек.

Басқа дәстүрлі, неоаристотельдік тәсіл Шекспирдің пьесаларының ерекшеліктеріне сай келмеді. «Отелло» туралы ертерек кездері жасалған түсініктемелерден бастап, сыншылар пьесада трагедия элементтері ғана емес, комедия элементтері жиі кездесетінін айтады. Томас Раймер италяндық дель-арте комедиясының элементтерін жас әрі сұлу әйелінің көзіне шөп салғанына ашуға булыққан қарттың эпизодынан көреді. Отеллоның 4-актідегі «Дездемонаны бірнеше бөліктерге кескілеп тастайды» деген қатарлар Раймердің аянышын тудырып, Арлекина және Скаррамучча дель-арте комедиясының стереотипті кейіпкерлерін қалыптастырудағы гротеск деп атаған.

Қазіргі заман зерттеушілері, оның ішінде Сьюзан Снайдер (9), Лесли Фидлер (10), Марго Хендрикс (11), Памелу Браун (12) және тағы басқалар дель-арте комедиясының осы элементтерін сәйкестендірді. Алайда Римдік жаңа комедиясының, махаббат оқиғасының, рыцарлық романдарының іздерін Снайдер «комедиялық матрица» деп атайды.

«Отеллоның» жанрлық біртектілігін анықтау мақсатындағы талдаулар ортағасырлық ахлақ тұрғысынан бірнеше мәрте жүргізілді. 1970 жылдардың орта тұсында шекспиртанушы-сыншылардың бірқатар тобы пьесаны христиандық күрес аллегориясы ретінде қарайды – Отеллоны қатыгез Ягоның арбауына түсіп, одан ары «қара сайтанға айналуы», – діннен безушілік болып саналады.

Постструктурализм жанрды зерттеушілердің идеяларға анықтама беруде терминологиялық аппараты болмаған. Дискурс мәтіннің өн бойында, мәтіннің басталуы мен аяқталуына дейін әрекет етіп отырады.

Қайта өркендеу дәуірінде дискурстар Шекспирден тағы бір рет трагедия жазуын талап етер еді. Соңғы жылдардағы сында сипатталған дискурстарға жаһандық глобализм, ағылшын



және венециандық әскери мәдениеттер, азаматтық патриархаттар мен некелесу секiлдi дискурстар енген.

«Отеллоны» қабылдаудың ұзақ-сонар тарихымен байланысты дискурстардың терминдерiнде «Отеллоның» жалпы ықпалын қайта бағалау – дұрыс болып табылатынын айта кеткен жөн. Оның себебi – материалист-сыншылар мәтiндегi аудитория қабылдайтын маңызды құндылықтарды ерекше атап өтедi. Мәселен, бiз үшiн нәсiл, жыныс, колониалды экспансионизм – мәдени түйсiгiмiздi толғандыратын құндылықтың бiрi.

Келесi дәрсiмiзде бiз Элизабет Харттың «Отеллоның» мәтiнiне жасаған когнитивтi талдауының мүмкiндiктерiн қарастырып өтетiн боламыз.

Тақырыпты бекiтуге арналған сұрақтар:

1. Шығарманың жанрын анықтаудың дәстүрлi тәсiлдерiнiң кемшiлiктерi неде?
2. Постструктуралистер жанрға қандай сипаттамалар бередi?
3. «Отелло» пьесасының жанрлық бiрлiгiн бұзатын белгiлердi атаңыз?
4. «Отелло» пьесасының қандай аспектiлерi осы туындыны заманауи дискурстар тұрғысынан қарастыру үшiн қолданылады?

Әдебиеттер:

1. Lakoff George. Women, Fire, and Dangerous Things: What Categories Reveal about the Mind. – Chicago: University of Chicago Press, 1987.
2. Spolsky Ellen and Ellen Schaubert. The Bounds of Interpretation: Linguistic Theory and the Literary Text. – Stanford: Stanford University Press, 1986.
3. Spolsky Ellen. Darwin and Derrida: Cognitive Literary Theory as a Species of Post-Structuralism. – Poetics Today. – 2002. – 23.1 (Spring). – P. 43-62.
4. Bakhtin M. M. and P. N. Medvedev. The Formal Method in Literary Scholarship: A Critical Introduction to Sociological Poetics. – Cambridge: Harvard University Press, 1985.
5. Culler Jonathan. Structuralist Poetics: Structuralism, Linguistics and the Study of Literature. – Ithaca: Cornell University Press, 1975.
6. Jameson Frederic. The Political Unconscious: Narrative as Socially Symbolic Act. – London: Methuen, 1981.
7. Derrida Jacques. Difference. Margins of Philosophy. – Chicago: University of Chicago Press, 1982; The Law of Genre. – Glyph. – 1980). – 7. – P.177-232.
8. Madsen Deborah L. Rereading Allegory: A Narrative Approach to Genre. – New York: St. Martin's Press, 1994.
9. Snyder John. Prospects of Power: Tragedy, Satire, the Essay, and the Theory of Genre. – Lexington: University Press of Kentucky, 1991.
10. Fiedler Leslie A. The Stranger in Shakespeare. – St. Albans, Hertfordshire: Paladin, 1972.
11. Hendricks Margo. «The Moor of Venice», or the Italian on the Renaissance Stage. 'Shakespearean Tragedy and Gender. – Bloomington: Indiana University Press, 1996.
12. Brown Pamela. «Othello and Italophobia». In Shakespeare and Intertextuality: The Transition of Cultures Between Italy and England in the Early Modern Period. – Rome: BulzoniEditore, 2000. – P. 179-92.